



КОНКУРС «Астана и Президент»

**Кәкімжан Айбатыр,
№ 10 орта мектебінің 10 сынып оқушысы**

Елордамыз Астана қаласының тарихының тамыры тереңде жатыр. 1997 жылы қаңтардың 20 жұлдызында Елордамыз Алматы қаласынан Ақмола қаласына Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының қаулысымен көшірілген болатын. Ал 1998 жылдың 6 мамыр күні Ақмола Астана болып өзгертілді. Міне осы күннен бастап елордамыз Астананың тамырына қан жүгіргендей, жаңа ғимараттар мен зәулім үйлер тұрғызылды. Қазіргі таңда Ару қаламыз Астана дүние жүзі халықтарының ауызында. Бір қаланың бастан аяқ қайтадан заманауи сәулет өнерінің үздік үлгісімен бір қала салу үшін азғантай уақыт болып саналатын он жылда салынуы әркімге таңдай қақтыруда. Себебі, бұл бұрын сонды болған оқиға емес. Ол зор күштің, ірі қуаттың, ірі мәдениеттің, көреген, алысты болжай алатын астарлы ойдың туындысы. Ол көшпелі қазақ елінің мәдениеттің отырықшы түрін жете меңгергендігінің куәсі, ол Қазақстанның әлемдегі 200 ден астам мемлекеттердің ішіндегі әншейін бірі ғана емес екендігінің айғағы. Қазақ елі ескі мен жаңаны, отырықшы мәдениет пен көшпелі мәдениетті, дала мен қала мәдениетін бірдей бойына дарытқан сонымен қатар кәрі құрлық пен жас құрлықты қосатын яғни Азия мен Еуропаны жалғастыратын алып көпір секілді бірден бір ел.

Бүгінде аспанмен астасқан зәулім ғимараттары алыстан көз тартады. Ақын Мұхтар Шаханов ағамыз:

«Үлкен адам болу үшін ғаламда,

Үлкен арман керек екен адамға», дегендей арман қуып, алдындағы мақсатына қол жеткізу үшін Астанаға еліміздің түпкір-түпкірінен жастар ағылып келуде. Елордамыз мемлекетіміздің жүрегі болғандықтан қазіргі таңда Еліміздің бетке ұстар Оқу орындары мен сапалы Медициналық орталықтар және әр түрлі салаларға қатысты мекемелер жұмыс жасауда.

Міне осындай Қазақстанымыздың жаста әрі сұлу Астанасын көркейтуде Елбасымыздың атқарған шаруасы мен еткен еңбегі ерең. Демек Еліміздің тәуелсіздігінің тірегі, жеріміздің кіндігі, еліміздің түндігі Астананы Елбасымыздың батыл шешіміменен, салиқалы ойыменен өмірге келген, қазақ халқының сан ғасырлық арман-мақсатының шұғылалы шуағы төгілген мекен деуге болады.

[Введите текст]

Асқақ армандар мен ақталған үміттердің қаласы – Астанаммен бірге өсіп, өркендеп келе жатқаным үшін өзімді бақытты жандардың бірімін деп білемін.

Астанамыздың болашағы жарқын. Астана қазақтың бас қаласы болып, өскелең ұрпақтың жарқыраған жұлдыздай келешегіне өз үлесін қосары сөзсіз. Елордамыздың өркендеуі еліміздің өркендеуінің белгісі. Ендеше жаста әрі бас қаламыздың жаңадан қаланған іргетасының берік болуы да мемлекетіміздің болашаққа нық сеніммен жасар қадамының нағыз кепілі. Ал Астананың гүлденіп әлемге танылуы жастардың қолында. Келешегің жарқын болсын, халқымның ақ ордасы, көркейіп, биіктерден көріне бер Астанам!!!